



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Тұтқынға түскен жауынгер тағдыры



4 “Бір өзі комбинаттың жарты қала”



5 Бір суреттің тарихы



6 Ауыл әңгімелері



● ПРЕЗИДЕНТ

Телефон арқылы сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық аренадағы өзара іс-қимылды нығайтуға баса назар аударып отырып, қазақ-қырғыз стратегиялық әріптестігінің даму перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы биылғы мамыр айында Қырғызстанға жасайтын мемлекеттік сапары екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікке сөзсіз тың серпін беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты Құмтөз алтын кен орнының мәртебесі туралы келіссөздердің сәтті аяқталуымен құттықтады.

Бұдан бөлек, президенттер бірін-бірі қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады.

Бас прокурорды қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылытовты қабылдады.

Мемлекет басшысына қаңтар оқиғасын тергеп-тексеру жұмыстарының барысы туралы баяндалды.

Сонымен қатар Президентке шетелден активтерді қайтару ісі бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Резонанс тудырған қылмыстық істер бойынша фигуранттардың қылмыстық жолмен жинаған капиталының шығып кетуін анықтау мақсатында олардың шетелге жылытатылуына талдау жасалуда.

Берік Асылылов Қасым-Жомарт Тоқаевқа жуырдағы Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларының жүзеге асырылуы туралы айтты. Атап айтқанда, Бас прокурордың Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы туралы Конституцияның 83-бабына енгізілетін түзетулер дайындалуда, сондай-ақ «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заң әзірлеу басталды. Салалық заңның басты басымдығы – азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Бұдан бөлек, Президентке азаптауларды тергеп-тексеру бойынша прокурорларға өкілеттік беруге, отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтар үшін жауапкершілікті күшейтуге қатысты тапсырмалардың орындалуы туралы айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қадағалау органдың халықпен өзара ықпалдастығын жаңадандырудың маңызды екенін атап өтіп, Бас прокурорға бірқатар тапсырма берді.

● МӘСЕЛЕ

САУСАҚ ҰШЫНДАҒЫ ЖАРЫҚ

Тифлопедагог тапшылығын қалай толтырамыз?

Адам баласы айналадағы дүниені, ақпараттың 90%-ін көру арқылы қабылдайды. Алайда тағдыр жазуымен кейбір жандар туа бітті зағип немесе өсе келе көру қабілетінен айырылады. Мұндай адамдар әлемді басқаша таниды, өзгеше сезеді. Алла тағала олардың жанарын алғанымен, есту қабілетін дамытып, саусақ ұшындағы сезімтал нүктелерінің жұмысын арттырып қояды. Осындай жандарды өмірге бейімдеп, оларға әріп үйрететін маманды ғылым тілінде тифлопедагог дейді.

СБ Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Ол нашар көретін немесе зағип балалардың қоршаған әлем туралы барлық ақпаратты алуына, айналамен танысуына көмектеседі. Сондай-ақ олардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастырады.

Осыдан біршама уақыт бұрын қаладағы №5 «Шаттық» балабақшасындағы тұз шахтасы туралы жазған болатынбыз. Сол мекеменің жұмысын көру барысында арнайы мамандармен сөйлестік. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде арнайы мамандар жұмыс істейді. Бізді қырық жылға жуық тифлопедагог болған Багира Бакытжанқызының еңбегі қызықтырды.

3-бет



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Келісім оң нәтижеге жеткізеді

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Петро Қазақстан Инк» АҚ басқарма төрағасы, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» АҚ президенті Ян Миньюймен кездесіп, ұжымдық мәселелер бойынша қабылданған шараларды талқылады.

СБ Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары Мархабат Жайымбетов пен Балжан Шәменов, облыс әкімінің аппарат басшысы Ерлан Райғанов, «Қазақстан мұнай-газ кешені Қазақстан өнеркәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Қалиев және тиісті басқарма басшылары қатысты.

Отырыста Ян Миньюй мен компанияның экономикалық жоспарлау және еңбек ресурстары жөніндегі директорлары ұйымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды таныстырып, сәуірден бастап қызметкерлердің, оның ішінде

4-5-санатты операторлардың жалмақысы артатынын және бірқатар ынғталандыру үстемеақылары мен материалдық көмек төлемдері төленетінін жеткізді.

Сондай-ақ, компания басшылығы кен орнына барып, еңбекке қатысты мәселелерді оңтайлы шешімдерін жеткізіп, жұмысшыларымен кездесу өткізетінін атап өтті.

Кездесу барысында аймақ басшысы компания тарапынан қабылданған шешімдерге сөйкес, наразылық білдірушілердің басым бөлігі кен орындарының жұмысшылары екенін ескеріп, негізінен өндірістік

персонал жалақысын көтеруді ұсынды.

– Дәл сіздің компания қызметкерлердің әлеуметтік мәселесіне қатысты тиімді шешім қабылдауы тиіс. Өйткені, аз мөлшерде табыс алатын жұмысшылардың айлығы көтерілгенде ғана ұжымдағы жағдай қалыпты болмақ. Сонымен бірге Үкімет деңгейінде мұнайды 5 мың метрге дейін бұрғылау жүргізуге рұқсат берілді, бұл Қызылорда облысы үшін де қолайлы болмақ. Сол себепті де бұрғылау жұмыстарына сіздің компания да белсенді түрде қатысу керек деп санаймыз, – деді облыс әкімі.

Мұнайшылардың еңбек жағдайын саралаған аймақ басшысы тараптар арасында өзара келісімге келіп, оң нәтижеге бағытталған шешім қабылдауға шақырды.



● ӨҢІР ӨНІМІ



Суретті түсірген Н.НУРЖАНБАЙ

Достардың көпке үлгі қаракеті

Нұржан мен Бауыржан есімді достар құрылыс пен ауыл шаруашылығына қажетті заттар шығаруда. Тікен сым мен дәнекерленген тор. Бірін шаруашылық иелері егістік жерді қоршауға керек етеді. Бірін құрылыстағы кірпіш өру немесе есік алдына тегіс цемент құю кезінде беріктігін ұстау үшін қолданады.

– Көбіне тікен сымды күріш алқабын қоршауға пайдаланады. Сондай-ақ далалық жерге бау-бақша өсіргендерге де керек. Тікен сым малдың егістікті бүлдіруіне жол бермейтіні белгілі. Мұнда бір бумасы 200 метр болады. Көп сұранысқа ие өнімнің бірі осы. Қазір өзіміздің өңірден бөлек, Жетісай, Павлодар, Сарыағаш, Қарағанды, Ақтөбе, Алматы қалаларынан тапсырыс түседі. Мысалы, өзіңіз көргендей аппарат 10 минутта 200 метр тікен сымды, яғни бір буманы орап шығады. Асықпай 12 сағат жұмыс істегеннен өзінде 60-70 бума дайындаймыз. Шикізат та жақын жердегі Шымкенттен келеді, – дейді Бауыржан Тәжібаев.

Ал құрылыс нарығында дәнекерленген тордың маңызы ерекше. Үй қабырғаларын өру немесе аулаға бетон құйғанда керек дүниені бұрын өзге қалалардан тасыдық.

Базарда тұрған осы тауар көрші Түркістан не Шымкент қалаларынан келеді. Енді облыс орталығынан шығып отыр. Көлемі 165/75 сантиметр болатын тордың көздері де әртүрлі. Тапсырыс берушінің сұранысына орай дайындалады. Цехта бір күнде 500-600 дана тор шығаруға болады.

– «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 6 процент жеңілдетілген несие алдық. Жалпы сомасы 15 млн теңге. Осы қаржыға көрші Қытай елінен екі арнайы аппарат алдыртқанбыз. Былтыр жыл соңында басталған жұмыстың қарқыны жаман емес. Сондай-ақ сырттан әкелінген дәл осындай өнімге қарағанда келушілер біздің арзанға ала алады. Өйткені, базардағы сатушылар келу, тасымал бағасын қосып есептеп, қымбатқа сатады, – дейді Нұржан Омаров.

Жергілікті жерден шығатын өнімді көбейтуді мақсат еткендер «Қызылордадан да қажетінді дайындауға болады» дейді. Әрі соған тырысып әлек. «Е-Темір» атты жеке кәсіпкерлігін құрған қосжәгітін ендігі арманы – цех жұмысын ұлғайту. Алдағы уақытта 3-4 дана станок-аппарат қосып, өзге де құрылысқа қажетті материалдар дайындамақшы.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Елімізде тұрғындардың денсаулығын жақсарту мәселесіне айрықша назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында әрдайым медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуді тапсырады. Әсіресе, ана мен сәби саулығын сақтау мақсатында нақты міндеттер жүктегені белгілі. Оған қоса Мемлекет басшысының бастамасымен биылғы жыл «Балалар жылы» деп жарияланды.

СБ Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Ана мен бала амандығы аландатады

Расында, ұлт болашағы мен дені сау ұрпақпен байланысты. Олай болса, келешегіміз саналатын сол жеткіншектерге көңіл бөліп, қамқорлық көрсету, ана денсаулығын қорғау – басты міндет. Бұл орайда елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде де ауқымды жұмыстар атқарылууда.

2-бет

Құрметті оқырман



2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.

БАСПАСӨЗ – 2022

